

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	РӘС ҚазСТА 2/20-23	
		Күні	
		Басылым 01	
	Рәсім Тәуекелділіктерді басқару	Бет	бетінен
		1	8



БЕКІТЕМІН

«Қазақ спорт және туризм академиясы» КеАҚ-ның президенті, профессор
К.К. Закирьянов

«28» декабрь 2024 ж.

Рәсім

ТӘУЕКЕЛДІЛІКТІ БАСҚАРУ

Әзірленген		Келісілген		Бекітілген
Тулегенова Л.Х.		Пя Д. Р.		ҚазСТА ФК хаттамасы № <u>5</u> от <u>29.12.2023</u> жыл
Нығмет М.		Нурмуханбетова Д. К.		
күні	қолы	күні	қолы	Қолданысқа енгізілді
<u>25.12.2023</u>		<u>27.12.2023</u>		Бұйрық № <u>02П 03. 01. 2024</u> жыл
<u>26.12.2023</u>		<u>28.12.2023</u>		

Алматы – 2023 ж.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		РӘС ҚазСТА 2//20-23	
			Күні	
	Рәсім Тәуекелділіктерді басқару		Басылым 01	
			Бет	бетінен
		2	8	

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Термидер мен анықтамалар.....	3
4. Белгілер мен қысқартулар.....	4
5. Тәуекелдерді басқарудың негізгі процестері	4
6. Процесті бақылау және талдау	7
7. Танысу парағы.....	8

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		РӘС ҚазСТА 2//20-23	
			Күні	
	Рәсім Тәуекелділіктерді басқару		Басылым 01	
			Бет	бетінен
		3	8	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Тәуекелділіктерді басқару» рәсімі (бұдан әрі-Рәсім немесе РӘС ҚазСТА) "Казак спорт және туризм академиясы" КеАҚ – да (бұдан әрі –Академия немесе ҚазСТА) сапаның ішкі қамтамасыз ету саласындағы тәуекелділіктерді анықтау, дәрежелеу **мақсатында** әзірленді. Рәсім Академияның тәуекелділіктерді басқарудың негізгі принциптері мен тәсілдерін анықтайды.

1.2. Рәсім бойынша барлық жұмыстарды сапа менеджментінің басшысы және құрылымдық бөлімшелердің басшылары/процесс иелері **бақылайды**.

1.3. Тәуекелділіктерді тікелей **бағалауды** Академияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады.

1.4. Осы рәсім ішкі нормативтік құжат болып табылады және Академия басшылығының рұқсатымен сыртқы тексерулер өкілдерінен басқа тараптарға, сондай - ақ тұтынушы-серіктестерге (олардың талап етуі бойынша) **ұсынуға жатпайды**.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Бұл рәсім келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленген:

ҚР №319-III Заңы	Білім туралы
27.06.2007 ж.	
ҚР БҒМ № 595 бұйрығы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
30.10.2018 ж.	
АС ҚазСТА 1/01-23	Қазақ спорт және туризм академиясының академиялық саясаты
СжН ҚазСТА 1/02-23	Ішкі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық
РӘС ҚазСТА 2/01-23	Құжаттарды басқару
РӘС ҚазСТА 2/03-23	Жазбаларды басқару

2.2. Осы рәсім мынадай үлгілерді қолданысқа енгізеді:

Ү ҚазАСТ 2/20-01-23 Тәуекелділіктерді басқару картасы

Ү ҚазАСТ 2/20-02-23 Сыни тәуекелділіктер тізімі

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Төменде осы құжатта жиі қолданылатын немесе ең маңызды терминдер келтірілген:

Тәуекелділік	Академия қызметінің нақты нәтижелерінің жоспарланғаннан ауытқуына әкелетін тәуекел жағдайының туындау ықтималдығы мен оның салдарының арақатынасы.
Қауіпті жағдай	Академия үшін жағымсыз немесе жағымды салдарға әкелуі мүмкін қауіп факторына негізделген оқиға
Тәуекелділік факторлары	Тәуекелді жағдайларға әкелетін шарттар мен жағдаяттар

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	РӘС ҚазСТА 2/20-23	
		Күні	
		Басылым 01	
	Рәсім Тәуекелділіктерді басқару	Бет	бетінен
		4	8

Ықтималдығы	Тәуекелділік факторларының көріну жиілігінің сапалық немесе сандық сипаттамасы. Ықтималдық-оқиғаның пайда болу мүмкіндігі. Тәуекелділіктерді басқару терминологиясында "ықтималдық" сөзі объективті немесе субъективті түрде анықталған, өлшенген немесе белгіленген, сапалық немесе сандық, сондай-ақ жалпы немесе математикалық сипатталған (мысалы, таңдалған уақыт кезеңінде пайда болу ықтималдығы немесе жиілігі) оқиғаның пайда болу мүмкіндігін көрсету үшін қолданылады.
Салдары	Активке қатерді іске асырудың нәтижесі. Мысалы, жабдықты жоспарлы-алдын алу жөндеулерін уақтылы жүргізбеу жабдықтың уақыты мен қысқа мерзімді жабдық қызметі бойынша айтарлықтай тоқтап қалуға әкелуі мүмкін, бұл қызмет көрсету/өнім өндіру бойынша жоспарлы тапсырмалардың бұзылуына әкеледі.
Жиілігі	Уақыт бірлігіне қауіп факторларының көріністерінің есептік/күтілетін саны
Тәуекелдіктерді басқару процесі	Жоспарланған нәтижеге қол жеткізу мақсатында тәуекелді қолайлы деңгейге дейін төмендетуге бағытталған тәуекелді сәйкестендіру, талдау, бағалау және басқару жөніндегі өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖЖЖООКББҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
Академия, ҚазСТА	"Қазақ спорт және туризм академиясы" КеАҚ
РӘС ҚазСТА	Академия рәсімі.
ҚБ	Құрылымдық бөлімше
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттама

5. ТӘУЕКЕЛДІКТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРОЦЕСТЕРІ

5.1 Тәуекелдіктерді басқарудың мақсаттары мен негізгі міндеттері

1. Тәуекелдіктерді басқару жоспарлау, өндірістік қызметтің тиімділігін басқару және жалпы басқару сияқты басқару процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Тәуекелдіктерді басқарудың мақсаты- Академияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін, саясатын іске асыруға теріс әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекел жағдайлары мен сәйкессіздіктерге қатысты алдын алу іс-әрекеттерін жүзеге асыру.

3. Тәуекелдіктерді басқару процесінің негізгі міндеттері:

- Тәуекелдіктерді анықтау, тәуекел факторларын және олардың пайда болу ықтималдығын анықтау, тәуекелдің салдарын анықтау;
- Жоспарланған қызмет нәтижелері үшін маңыздылық деңгейін - қауіп дәрежесін анықтау үшін тәуекелдерді талдау;
- Тәуекелдіктерді бағалау және басқару қажеттілігіне басымдық беретін тәуекелдерді анықтау;
- Академия басшылығы деңгейінде де, процестер (рәсімдер) иелері деңгейінде де тәуекелге әсер ететін басқарушылық әрекеттерін қалыптастыру;
- Тәуекелдіктерді басқару үдерісін мониторингілеу және бақылау және оны жетілдіру жөніндегі іс-қимылдарды әзірлеу.

5.2 Тәуекелдіктерді анықтау

1. Тәуекелдіктерді сәйкестендіру және бағалау үшін жеке тәжірибесіне, білім беру нарығы саласындағы есепті деректерге (статистикаға), өткен жылғы академия бойынша тікелей есепті

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	РӘС ҚазСТА 2//20-23	
		Күні	
	Рәсім Тәуекелділіктерді басқару	Басылым 01	
		Бет	бетінен
		5	8

деректерге (статистикаға), байқаулардың нәтижелеріне, маркетингтік зерттеулерге сүйене отырып, тәуекелділіктерді сәйкестендіру мен бағалауды жүргізетін мамандар мен бөлімшелердің басшылары тартылады.

2. Тәуекелділіктерді анықтау және бағалау туралы ақпарат келесі көздерден алуға болады:

- тұтынушылардың сапаға, бақылаушы ұйымдардың бақылау нәтижелеріне және Академия қызметіндегі басқа да сәйкессіздіктерге шағымдары мен талаптары бойынша;
- академияның саясаты мен мақсаттарын тексеру, қызметін талдау нәтижелері бойынша;
- ішкі сапаны қамтамасыз ету бойынша ішкі тексерулер процесінде;
- академияның қызметін тексеру нәтижелері бойынша;
- сәйкес келмейтін өнім/қызмет бойынша;
- академия қызметінің дамудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін талдау нәтижелері бойынша;
- білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімділігін талдау нәтижелері бойынша;
- ұйымдық құрылымның тиімділігін талдау нәтижелері бойынша;
- мемлекеттік органдар тарапынан сыртқы тексеру процесінде (оның ішінде сертификаттау/аккредиттеу жөніндегі органдар);
- инфрақұрылымды (үй - жай, компьютерлік және ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсетуді, ақпараттық ресурстарды, қт және еқ, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және т. б.) қолдау бойынша жоспарланған іс-шараларды өткізу процесінде;
- ресурстарды талдау және бағалау нәтижелері бойынша жабдықты қамтамасыз ету және қолдау (жөндеу, техникалық қызмет көрсету), зертханалардың жарактандырылуы, өлшеу құралдары мен жабдықтардың жеткіліктілігі және басқалар);
- процестерді мониторингілеу және өлшеу нәтижелері бойынша (жұмыс жоспарларын орындау).

3. Тәуекелділіктерді сәйкестендіру Академияның қызметіне және тәуекелділіктер тізімін қалыптастыруға әсер етуі мүмкін тәуекелділіктерді анықтауды, сипаттауды және құжаттамалық рәсімдеуді көздейді. Тәуекелділіктерді сәйкестендіруді Академияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері "ми шабуылы" әдісімен жүзеге асырады. Анықталған тәуекелділіктерді бойынша алынған ақпаратты жинау, өңдеу, талдау, жүйелеу, сондай-ақ тәуекелділіктердің жалпы тізімін қалыптастыру сапа менеджментінің басшысы жүргізеді.

4. Қолданыстағы тәуекелділіктерді қайта қарау және жаңа тәуекелділіктерді анықтау қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

5.3 Тәуекелділіктерді жіктеу

Тәуекелділіктерді жіктеу үшін тәуекелдерді келесі санаттар бойынша топтастыру қолданылады:

Тәуекелділік тобы	Тәуекелділіктердің сипаттамасы
Стратегиялық тәуекелдік	Академияның қызметі мен даму стратегиясын айқындау және іске асыру, саяси ортаның, өңірлік конъюнктураның, салалық құлдыраудың және жүйелік сипаттағы басқа да сыртқы факторлардың өзгеруі немесе қателіктер (кемшіліктер) салдарынан залалдардың туындау қаупі;
Қаржылық тәуекелдік	валюта бағамдарының ауытқуымен, несиелік тәуекелдермен, ауытқулармен байланысты тәуекел;
Құқықтық тәуекелдік	Академияның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ ішкі қағидалар мен рәсімдерді сақтамауы салдарынан шығындардың туындау қаупі;
Операциялық тәуекелдік	қызметкерлер тарапынан жіберілген ішкі процестерді (персоналдың тәуекелдерін қоса алғанда), өндірістік, Ақпараттық жүйелер мен технологиялардың (технологиялық тәуекелдер) жұмыс істеуін жүзеге асыру барысында, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болған кемшіліктер немесе қателіктер нәтижесінде залалдардың туындау тәуекелі.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	РӘС ҚазСТА 2/20-23	
		Күні	
	Рәсім Тәуекелділіктерді басқару	Басылым 01	
		Бет	бетінен
		6	8

5.4. Тәуекелдіктерді бағалау және талдау

1. Тәуекелдіктерді талдау салдарлар мен ықтималдықтар деңгейін сараптамалық (сапалық) бағалау негізінде "миға шабуыл" әдісімен жүзеге асырылады. тәуекелдің маңыздылық деңгейі академия қызметінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізбеу қаупінің дәрежесін сипаттайды.

2. Тәуекелдіктерді бағалау процесі академияның қызметіне және стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін аса маңызды тәуекелдерді бөліп көрсету мақсатында жүргізіледі. бұл тәуекелдер осы тәуекелдерді басқару және бақылау туралы шешім қабылдайтын директордың қарауына шығарылады.

3. Тәуекелдіктерді бағалау әр тәуекелдің көздері мен себептерін, оларды жүзеге асырудағы жағымсыз салдарды және белгілі бір оқиғаның орын алу ықтималдығын қарастыруды қамтиды.

4. Тәуекелділік/мүмкіндік мәні формула бойынша анықталады:

$$\text{Тәуекелділік (Т)} = \text{Ықтималдық (Ы)} \times \text{Салдардың маңыздылығы (С)}$$

5. Академияның контекстін ескере отырып, тәуекелділікті бағалау критерийі өңдеуді қажет ететін ерекшеленген тәуекел аймағы (ерекшеленген түс) арқылы анықталады:

Ықтималдық		Салдардың маңыздылығы				
		1 Өте төмен	2 Төмен	3 Орташа	4 Жоғары	5 Өте жоғары
1	Екіталай Жағдайдың пайда болуы мүмкін емес, ол бірегей жағдайларда, 100 жылда бір рет кездеседі	1	2	3	4	5
2	Аз кездесетін жағдай Жағдайдың пайда болуы күтілмейді, бірақ 10 жылда бір рет болуы мүмкін	2	4	6	8	10
3	Мүмкін Жылына бір реттен артық емес	3	6	9	12	15
4	Өте ықтимал Көп жағдайда болады	4	8	12	16	20
5	Сөзсіз болатын жағдай Сөзсіз деп күтілуде. Үнемі болып тұратын жағдай	5	10	15	20	25

6. Салдардың маңыздылығы келесі критерийлер бойынша деңгейлердің бес балдық шкаласы бойынша бағаланады:

деңгей	дәреже	Салдарынан қысқаша сипаттама және ықтимал залал
1 – Өте төмен	Көзге көрінбейтін	Салдары қызмет етуге әсер етпейді. Жұмыс уақытын жоғалтпау. Тапсырыс берушінің қаржылық шығындарының, шағымдарының болмауы. Аз немесе шамалы әсерлер – жұмыс нәтижелеріне әсер етпейді, өнімнің жеткізілуіне және сапасына әсер етпейді. Жағдайды түзетпей және өнімді/қызметті түзетпейтін жағдайлар.
2 - Төмен	Төмен	Қызметтерге елеусіз әсер ету Жұмыс уақытын жоғалту. Кішігірім кемшіліктер немесе тапсырыс берушінің ауызша ескертулері жұмыс нәтижесіне әсер етпейді
3 - Орташа	Орташа	Қызмет қажет деңгейде емес. Қаржылық шығындар, сәйкес келмейтін өнімдер/қызметтер немесе жазбаша шағымдар, сәйкес келмейтін өнімдерді/қызметтерді қайта өңдеу
4 - Жоғары	Маңызды	Қызметтің бұзылу маңыздылығы. Толығымен қабылданбаған тапсырыс, қаржылық шығындар, өнімдерден/қызметтерден бас тарту, тұтынушыны жоғалту, ақшаны қайтару, іскерлік беделдікті жоғалту.
5 – Өте жоғары	Төтенше жағдай	Қызметті тоқтату. Толығымен қабылданбаған тапсырыс, тапсырыс берушінің өнімнен бас тартуы, тұтынушының жоғалуы, сот процестері, қаржылық шығындар, іскерлік беделдіктің жоғалуы, тұтынушыларды жоғалту, сот ісін жүргізу

7. Барлық анықталған және бағаланған тәуекелдіктер **ҰҚазСТА 2/20-01-23** Тәуекелділіктерді басқару картасында көрсетіледі, ол әрбір тәуекелділіктің салыстырмалы

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	РӘС ҚазСТА 2//20-23	
		Күні	
	Рәсім Тәуекелділіктерді басқару	Басылым 01	
		Бет	бетінен
		7	8

маңыздылығын (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ маңызды және тәуекелділіктерді бөлектеуге мүмкіндік беретін, оларды басқару шараларын әзірлеу.

Академияның құрылымдық бөлімшелері мен үдеріс иелері ықтималды тәуекелдер бойынша, оның ішінде «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу» үдерісі үшін тәуекелдерді басқару картасын жасайды. Сыни емес тәуекелділіктер Академияның әрбір қызметкерінің лауазымдық міндеттері шеңберінде басқарылады.

8. Тәуекелділік бағалау критерийін таңдау кезінде тәуекелдерді бағалауда алынған мәндер ескеріледі. Егер тым қатаң критерийлер қабылданса, онда іс жүзінде барлық тәуекелдер қолайсыз болады және керісінше, жұмсақ критерийлермен тәуекелдерді өңдеудің қажеті жоқ болуы мүмкін.

9. Тәуекелділік критерийін біршама қатандату критерий контекстін талдау нәтижесінде талап етілуі мүмкін. Мысалы, бұрын болған оқиғалар.

10. Тәуекелдердің иелері тәуекелділіктерді бағалау және талдау кезінде анықталған тәуекелділіктерді басқару шараларын әзірлеу және іске асыру үшін жауапты болады. Сапа менеджментінің басшысы **ҰҚазСТА 2/20-02-23 Сыни тәуекелділіктер тізімін** қалыптастырады, тәуекелдер иелерімен келіседі және басшылықпен бекітеді.

6. ПРОЦЕСТІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

6.1 Тәуекелділіктерді басқару әдістері

1. мониторинг және талдау әдістері:

- ақпарат жинау;
- қызметкерлерге тәуекелділіктер туралы ақпаратты басқа бөлімшелердің мүдделі қызметкерлеріне, сондай-ақ вертикаль бойынша жеткізуге мүмкіндік беретін байланыс арналарының болуы. Тәуекелдер және тәуекелдерді басқару процесінің жұмыс істеуі туралы өзекті ақпарат басшылықтың назарына уақтылы жеткізілуі керек;
- тұрақты негізде өзін-өзі тексеру;
- мерзімді тексерулер;
- оқиғалар мен сәйкессіздіктердің өзара байланысын талдау;
- салыстырмалы талдау, сауална сәйкес келу;малар.

2. Академия тәуекелдерді басқарудың келесі әдістерін қолданады:

Әдістер	Әдістің сипаттамасы
Тәуекелділікті қабылдау	тәуекелді жүзеге асыруға әкелетін залалмен салыстырғанда оны азайтудың барлық қолжетімді тәсілдері экономикалық тұрғыдан мүмкін болмаса, тәуекел қабылданады. Менеджерлер бұл тәуекелдің бар екенін және оның сипаттамаларын біледі және тәуекелге әсер ету үшін саналы түрде ешқандай шара қолданбайды.
Тәуекелділікті болдырмау	қызметтің белгілі бір түрін тоқтату арқылы жүзеге асырылады (жобадан бас тарту, белгілі бір нарықтан шығу). Тәуекелдерді болдырмаудың бір жолы – стратегиялық мақсаттарды немесе операциялық процесті өзгерту.
Тәуекелділікті тасымалдау	тәуекелді аудару туралы шешім бизнестің сипатына, тәуекелмен байланысты операцияның маңыздылығына және оның қаржылық маңыздылығына байланысты. Тәуекелдерді берудің стандартты тетіктеріне мыналар жатады: сақтандыру, тәуекелдерді жасалған келісімдер (келісімшарттар) бойынша серіктестерге беру, аутсорсинг

3. Тәуекелдерді басқару әдісін таңдау кезінде ескеру қажет факторлар:

- стратегиялық мақсаттарға сәйкес келу;
- қабылданған шешімнің шығындары/пайдасы;
- қажетті ресурстардың болуы;
- нормативтік құжаттарға сәйкестігі.



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM
Бөлімнің/процестің тәуекелдерді басқару картасы

Ү ҚазСТА 2/20-01-23

Күні

Басылым 01

Бет

1

бетінен

1

Бөлімнің/процестің тәуекелдерді басқару картасы

№	Тәуекел санаты және оның сипаттамасы	Тәуекелдің себептері	Тәуекелді жүзеге асырудың ықтимал салдары	Бастапқы тәуекел			Тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шаралар	Остаточный риск Қалдық тәуекел			Тәуекел несі
				Ықти малды ғы	Салдард ың ауырлы ғы	Тәуекелді бағалау		Ықтима лдығы	Салдард ың ауырлы ғы	Тәуекел ді бағалау	
1.											
2.											
3.											
4.											
5.											
6.											
7.											
8.											
9.											
10.											

Құрастырған: _____

Күні: _____

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Ү ҚазСТА 2/20-02--23	
		Күні	
		Баслым 01	
		Бет	бетінен
	Күрделі тәуекелдер тізілімі	1	1

Күрделі тәуекелдер тізілімі

Процестің атауы	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекел факторларының пайда болу ықтималдығын төмендету жөніндегі іс-шаралар (тәуекелді өңдеу)	Жауапты	Ресеустар	Мерзімдері
1	2	3	4	5	6